

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Үргыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 187 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Үргыз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тай-Кен Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, Үргыз ауданы аумағында орналасқан жалпы алаңы 40 855 гектар жер участке сіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2026 жылдың 27 сәуіріне дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Тай-Кен Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамына жер участкелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру және жер пайдаланушылармен жасасқан шартта шығынды өтеу бойынша міндеттерін және басқа да шарттарды анықтау ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндеттін уақытша атқарушы

С. Қонақбаев